

Бұл жерлер Қаптағай баба атымен аталуы тарихи мәселе. Жоғарыда келтірілген тарихи құжаттар мен тарихи жыр-дастандардан байқайтынымыз, 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» дейін матайдың ата-мекені қазіргі Тоқта (Қаптағай), Барлық (Қызай) таулары мен Алакөл маңы болғаны, осы таулар маңындағы Еміл өзені бойында Қаптағай баба Қашқардың әмірі Әбдірашитпен шайқаста қайтыс болған болса, онда баба сол маңға жерленген болуы тиіс. Матайдан тарайтын қаптағай Қаптағай тауын яғни, қазіргі Тоқта тауын мекен еткендіктен, батыр баба қазіргі қытайдың Алашанькоу темір жол бекеті маңына жерленген. Сол себепті баба жатқан жердің атымен сондағы қарауыл «Қаптағай» қарауылы аталған.

Қорыта айтқанда, қазақ шежірелері деректерінде айтылатын найман Ер-Қаптағай батыр тарихта болған тұлға екенін көреміз, және бұл тұжырым шежіре насабнамаларымен расталады.

Қолдалынған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ шежіресі хақында / Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. - Алматы : Атамұра, 2000. - 216 с.
2. Валиханов Ч. Киргизское родословие // Собр. соч. в 5-ти томах. – А., 1985. – Т.2. – С. 148-166.
3. Қазақ руларының шежіресі / Жауапты шығ.: Ж.С. Әбдіхалықов, Ж.Жағыпаров. – Целиноград.

ӘОЖ 94 (547)

ОРТА ЖҮЗДЕГІ ЕКІ ХАН САЙЛАУДЫҢ ТАРИХЫ

Ысқақов Алмаз Жексембайұлы

almaz.a.92@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің ІІ курс докторанты

Ғылыми жетекші – Мусабалина Г.Т

Абылай хан көзінің тірісінде өзінің мирасқоры етіп қалдыруға қазақ старшындарына Уәли мен Қасым сұлтанды ұсынған болатын. Бірақ Қасым сұлтанның турашыл айтқанынан қайтпайтын мінезінен қаймыққан қазақ ру-тайпа билеушілері жұмсақ мінезді Уәлиді хан етіп сайлайды.

Жалпы Абылайдың өзінен соң хан етіп ұсынған екі ұлынан бөлек басқа да хан болу құқығына ие сұлтандар болған. Солардың қатарына Әбілпейіз сұлтанды, Дайыр сұлтанды және Солтанмамет сұлтанды жатқызуға болады.

Оның негізін мына мәселерден іздеуіміз керек. Біріншіден, Абылай ханның өзі де 1769 жылы Әбілмәмбет хан қайтыс болғаннан кейін Әбілмәмбеттің негізгі мұрагері болмаған болатын. Соған қармасатан халық бірауыздан мұрагерлік тәртібіне қарамастан Әбілмәмбеттің негізгі мұрагері Әбілпейізді сайламай, Абылайды хан көтереді [4; 116]. Сондықтан Әбәлпейіз сұлтанның Абылай өлген соң Әбілмәмбеттің негізгі мұрагері ретінде өзіне хан лауазымын сұрауға толықтай құқығы бар болатын. Екіншіден, Абылай өлген соң Уәли хан Әулетінен ең үлкені ол Абылайдың ағасы Сұлтанмамет сұлтан болатын. Сол Сұлтанмамет сұлтан да хан болу құқығына ие бола алатын еді. Үшіншіден, Барақ ханның ұлы Дайыр сұлтанның да хан болу құқығы болған. Себебі Қият Арманның «Барақ хан әулеті» шежірелік еңбегінде 1749 жылдың аяғында Түркістан өңірінде Әбілмәмбет хан, Есім хандармен бірге Барақ та хан болған деп көрсетеді [2;17]. Яғни Абылайдың хан болуы осы билеушілердің ұрпақтары алдында әкеден балаға берілетін мұрагерлік тәртіпті аттап өтуші болып табылған. Абылай хан Барақ ханның мұрагері орнына хандықты иеленіп алды деп Барақ ханның ұлы Дайыр сұлтан Сібір корпусының генерал-майоры Н.Г. Огаревке 1781 жылы 29 маусымда шағым жазады [3; 85].

Алайда Тайыр сұлтанның тамыз айында хан болудан өзі бас тартқанын да байқауымызға болады. Бұл жайлы Огарев баяндамасында: «хан болу құқығы басқа әулеттің сұлтандарында, яғни Барақ әулетінен Тайыр сұлтанда, Уәли әулетінен Солтамамет сұлтанда, Ұлы жүзден Әбілмәмбет әулетінен шыққан Әбілпейіз сұлтанда болса да алғашқы екі сұлтан өздері, Әбілпейіз балаларын жіберу арқылы хан болу құқығынан бас тартып, Уәли сұлтанның хан болуына келісім берді» [4; 106].

Уәлидің хан болғаннан кейін халық арасында беделі тез түсе бастаған. 1816 жылы И.П. Шангин Уәли хан жайлы: «Қазіргі ханның халыққа ешқандай ықпалы жоқ бос атағы ғана бар...Қазіргі Уәли ханды сайлау кезінде қолдамағандар көп болды, ол сұлтандардың негізгі тармағынан Арғын ұрпағынан тарағанымен, оның анасы қырғыздар арасында құпталмайтын қарақалпақ ұлтынан» - деп Уәлидің анасына байланысты беделсіз болды деп көрсетеді [3; 85]. Біз И. П. Шангиннің бұл айтқанымен келісе алмаймыз. Себебі Уәли ханның халық арасындағы беделінің түсе бастауы ол Уәли ханның саясаттағы жіберген қателіктеріне байланысты деп айтуымызға болады.

Енді Уәли ханның ел басқару мен дипломатияда жіберген қателіктерін айтып өтсек: Біріншіден, Уәли хан болып сайланғанымен Уәлидің хандық билігіне 1794 жылы көптеген старшындар қарсы болады. Соған байланысты 1794 жылы 27 желтоқсанда Орта жүздің старшындары Уәли ханға байланысты II Екатеринаға арыз жазады. Сол арызға атығай, күрлеуітқыпшақ, керей, уақ, сыбанкерей, қанжығалы болыстарының 22 старшын қол қойған. Старшындар арызында тоқтаусыз қиянаттарға, дүние-мүліктерін тартып алуына, әділдіктің жоқтығын, әлсіз басқаруға, барымтаны Уәли хан тоқтату орнына өзіне үлес алу үшін барынша қолдау көрсету нәтижесінде алдағы уақытта азық-түліксіз қалып қоюымыз мүмкін деп өздерінің шағымдарында келтіреді [4;136].

Екіншіден, Уәли ханның інісі Сыздық Уәли ханның бұйрығымен орыс керуенін тонату арқылы Бөкей сұлтанның ықпалын төмендеткісі келген болатын. Уәли ханның бақылауындағы аумақта 1800 жылы 17 мамырда көпестердің керуені тоналғандығы жайлы генерал-майор Лавровтың баяндамасынан көруге болады. Сол керуеннің қауіпсіздігін Бөкей сұлтанның ұлдары қамтамасыз етуге тиіс болған. Уәли ханның бұйрығымен Сыздық сұлтанмен осы керуен тоналғандықтан соң себебін Уәли ханнан сұрағанда Бөкей сұлтанның басқаруындағы қаракесек руымен өз есебі бар болуымен және бұрыннан алуға тиіс кеден салығы ретінде алғандығымен түсіндіреді [9]. Бұл керуендегі саудагерлер Ташкенттен Ресейге барып сауда жасауы тиіс болған. Керуеннің тоналуына байланысты 1800 жылы 2 желтоқсандағы бұйрық шығып Уәли ханға және оның жақындарына жыл сайын төленуге тиіс болған қаражатты төлеу орыс әкімшілігі тарапынан тоқтатылады [5].

Уәли ханның бұл ісінде күшейіп келе жатқан Бөкей сұлтанның ықпалын әлсірету мақсаты барын байқауымызға болады. Себебі Абылай ханның 1773 жылы Петропавловск бекінісінің басшысы генерал-майор С.К. Станиславскийға жазған хатында Бұхарға орыс саудагерлері аттанар болса оған ескертуін және өз адамдарын жіберетіндігін, ал егер Бұхар саудагерлері Ресейге аттанар болса оларды да өз адамдары жеткізетіндігін баяндайды [6; 286]. Абылай хан өлген соң Барақ хан әулетінен шыққан Бөкей сұлтан ұлдарының Ресей мен Орта Азия елдері арасындағы сауданы өз бақылауына алуы Абылай ұрпақтарының мүддесіне қайшы келген. Соған байланысты Уәлидің бұл әрекетінен Бөкей сұлтанның сауданы өз қолына алуына қарсылығын және Ресейден қазақ жері арқылы өткен керуендердің салық төлеуін қалпына келтіруді көздегенін байқауымызға болады.

Үшіншіден, Уәли хан орыс керуенін тонағаннан кейін 1803 жылы Сырдария бойына көшуге шешім қабылдаған. Ол жер Бұхар иеліктеріне жақын болған және сол бұхар билеушісімен жақындасуға тырысқан. Сол үшін болыстардың басшыларын шақырып кеңес өткізгенімен, кеңеске келгендер арасында Уәли ханның бұл ұсынысы қолдау таппаған.

1804 жылы көктемде Уәли хан Ресей шекарасынан қытай шекарасына көшуді де ойлаған. Сонымен қоса Лавровқа жазған хатында император сарайына өзінің депутаттарын жіберуді, өзіне және туыстарына төленуге тиіс болған ақының төленуін, Ресей шекарасына

қыстауға көшкен қазақ табындарынан салық алынбауын және Ресей мен өзіне тиесілі иеліктердің шекарасының белгіленуін сұраған

1804 жылы Петропавл бекінісінен Бұхарға бара жатқан керуенді тонамақ болғанында оған қарсы казак әскері жіберіліп бұл ісіне кедергі жасайды [7].

Төртіншіден, орыс әкімшілігі өзіне берілген старшындар арқылы Уәлидің халық арасында беделін түсіру үшін әрекеттер жасаған. Ресейге берілген қазақ старшындары арқылы Уәли қоластындағы елмен басқа жаққа көшпекші болғанда егер Уәли ханның көздеген мақсаты тоқтатылмаса өте қатал шаралар қолданылатындығы және императордың ашуы нәтижесінде Орта қырғыз-қазақ ордасының түкке тұрғысыз жағдайға түсетіндігі жайлы ақпарат таратады. Уәли хан көшуді шешу үшін мың жарымға жуық шаңырақтан тұратын әртүрлі болыс сұлтандарын, старшындарын және беделді қазақтарды жинаған. Генерал-майор Лавровтың әркеті мен қазақтардың қолдамауы нәтижесінде Уәли хан қытай шекарасына жақын көшу шешімінен бас тартқан.

Уәли ханның беделі түсе бастағанда Бөкей сұлтанның хан болуына патша үкіметі не үшін мүдделі болды деген сұрақ туындайды. Уәли ханның саясатта жіберген көптеген қателіктері нәтижесінде Орта жүздің халқы өзіне тыныштық қалағаннан Бөкей сұлтанды хан етіп сайлайды. Генерал-майор Глазенап Бөкейдің хан сайлануы жайында: «Орта жүздің он үш болысы бірауыздан, Глазенаптың ықпалынсыз Бөкей сұлтанды хан сайлады, Орта жүздің ханы Уәли сол қазақтардың әлсіз билеушісі, оның қазақтарға билігі әлсіреп келеді және оның хандық билігі ұзаққа бармайды, жақында сайланған Бөкей хан бұрыннан Орта жүзде қадірлі, Ресейге шын берілген, Азияның шекаралық жағдайларына байланысты қолынан келгенін істеп келеді» - деп жазады [9].

Бұхтырма коменданты Шевиннің 1825 жылғы 15 қыркүйектегі баяндамасында: «1810 жылы қоқан билеушісіне Ресеймен сауда жасауға көндіру үшін Орта жүздегі сұлтандардың бірінің баласын аттандырады. Хан (қоқан билеушісі) ұсынысты қабыл алады. Генерал-лейтенант Глазенап елшілерді сарайға жібереді. Көпес Свешнев үлкен ақшаға Қоқанға бірінші керуенді жібереді. Қоқан елшілері Санкт-Петербургке келгеннен кейін Қоқанға сауда керуені ашылғаны жөнінде патшаның бұйрығы шығады. Керуенді қабылдау-өткізу пункттері ретінде Петропавловск бекінісі мен Коряков форпосты қабылданады. Қоқан елшілігі қайтқанда олармен бірге Петропавловск бекінісінен керуен бірге аттанады»-деп баяндама беріледі [1; 258]. Бұл Шевиннің Қоқанмен байланыс орнатқан Орта жүз сұлтаны Бөкей екенін келесі дерекке сүйене отырып айта аламыз. 1812 жылы ақпанда Сыртқы істер министрінен жіберілген хатта Бөкей сұлтанның Қоқан хандығымен сауда байланысын ашқан Ресей империясына тигізген пайдасы үшін тоғыз аршын жақсы тері және тоғыз аршын атлас, екі алтын сағат беріледі. Оның ұлы Ғазы сұлтанға Майор шені мен жүз жиырма бес рубль жалақысына қосып берілетін болды. Лаузан Тағиевқа губерниялық хатшы лауазымы беріліп, жалақысына жылына қырық рубль қосып беретін болған [10].

Бөкейдің хан сайлануы бұл кезде бекітумен ғана жүзеге асатын болған. Құрбанғали Халид бұл жайлы: «Қарқаралыда Барақ тұқымы Бөкей хан болып өзінше бір өкімет түзген еді, бірақ орыс өкіметінен сенім қағаз алмай, оның хан екенін ешкім ресми мойындамады. Сол үшін ол Тобыл губернаторы атынан императордың хандыққа бекітуін өтінді. Содан, 1816 жылы 12 январьда Александр I атынан арнайы грамота келеді. Осы грамота бойынша Бөкейхан орта жүздің атақты 13 руларына билік жүргізу үшін хандыққа бекітіледі [8; 151].

Ойымызды қорытар болсақ Уәли ханның хан билігін иеленуінің өзінен көптеген қайшылықтарды байқауға болады және ел ішіндегі тыныштықтың бұзылуы қазақ старшындарын 1794 жылы II Екатеринаға хат жазуға мәжбүр еткен. Уәли ханның тұсында ел тыныштығының бұзылуы халық арасында Уәлидің беделінің түсуі мен тыныштық қалаған халықтың Бөкей сұлтанға жақындауына әсер еткен. Соған байланысты халық Уәлидің хан болғанына қарамастан өз алдына Бөкейді хан сайлайды және орыс әкімшілігіне Орта Азиямен сауда байланысын қалыптастыруда қосқан үлесі ескеріліп оны бекіту арқылы Орта жүзді бөліп алып басқаруды және Уәлиді әлсіретуді көздеген болатын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. –Алма-ата.1985 год
2. Ахметов А.Қ. Барақ хан әулеті.Хан-сұлтандар шежіресі: Зерттеу. Көптомдық. II том. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда», 2020
3. Ерофеева Родословная казахских ханов и кожа XVIII-XIX веков. –Алматы: ТОО «Print-S», 2003. -178с.
4. Казахско-Русские отношения в XVIII-XIX веках. (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: Наука, 1961.-744 с.
5. ҚРОМА 2300, оп 12 д 17 п
6. Сборник из историй Великой степи (последняя четверть XVIII в.). Сборник документов. – Алматы: Литера-М, 2020. – 516 с.
7. ҚРОМА 2300, оп 13, д 3, 20-21 алды арты парак (1291, 81 оп 13, д 3)
8. Құрбанғали халид Тауарик-и хамса-ий шарки. Астана: ТОО «Prosper print.2014. 280
9. ҚРОМА 2300, 13 т, 46 іс 16-18 (1291, 81д. 46)
10. ҚРОМА 2300, 13 т, 46 іс 14-15 п.

ӘОЖ 947(524)

АЗАТТЫҚТЫҢ АҚЫНЫ

Эрланұлы Дастан

Erlanov.d99@gmail.com

М.Қозыбаев атындағы СҚУ, География – Тарих кафедрасының 3 курс студенті,
Петропавл, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: З.Ш. Бимаканова

Мағжан Жұмабаев қазақтың бірлігі мен Алаштың азаттығы үшін күрескен тарихи тұлға. Қазір біз тамыры терең тарихымызға үңіліп еш кедергісіз, қысымсыз еркін зерттеуге мүмкіндік бар. Тәуелсіз еркін елдің қырандарына білім мен ғылымды үйреніп білуімізге қарсы тұрар құрсау мен кедергі жоқ. Тарихымыз бен мәдени өмірімізге, халқымыз бен руханиятымызға өшпестей ғасырларға таңба салған, ұлтымыздың қайталанбас дара тұлғаларын жазықсыз жала жауып, аяусыздық танытпастан қырған, алаш ұландарының қазақ халқы үшін кешкен қиындықтары мен еңбектерін айтамыз. Сонда біз көктемде жаңа шыққан көктей құлпырып әлемге жаңа леппен келгендей, сөнгеніміз жалындаған қызыл оттай лапылдап жанамыз. Міне сол жаңадан жанған оттай лапылдаған жалынды дара тұлғамыздың бірі, қазақ қана емес түркі халықтарының әдеби өмірінде ерекше орын алған, өшпес өлеңдер мен жырлардың иесі, жарты ғасыр жуық атына, еңбектеріне тыйым салған алаш ұланы - Мағжан Жұмабаев. Ол жай ғана ақын емес, ұлт болашағы үшін күрескен Алаш қайраткері. Рухты жырларымен халықты жігерлендіріп, елді татулыққа шақырды. Бірақ солақай саясаттың құрбаны болды.

Мағжан өз заманының мұңын, қайғы қасіреті мен қазақ халқының наразылығын өлеңдермен, жырларымен, әлеуметтік қарсылықтарын түрлі әрекеттер арқылы жеткізіп көрсетеді. Сол бір келеңсіз кезеңдер 1914-1918 жылдардағы бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916-1917 қазақ халқының ұлт азаттық көтерілісі, 1918-1920 азамат соғысы мен шетелдік интервенция тағы басқа оқиғалар жас Мағжан бойындағы ұлттық сананы алғашқы орыс революциясы қарсаңында ақ оята бастайды. Мағжан бойындағы өз ұлтының қамын жеген, қазақ халқына деген шексіз сезімі мен патшалық ресейдің қатал үстемдігіне қарсылығы, ұлы күрестерге тікелей тығыз байланысты. Жастық шақтың жалындаған отымен барлық болғанды қамтып айтып игілікке бірден жету мүмкін емес екеніндігін ұзамастан түсінді.

Қазір біз ертеңімізге қарасақ жарқын болашақты көреміз, ал тарихымызға үңілсек қан-қасіретке толы өткенімізді көреміз. Қазақ тарихында қазақ тілі мен әдебиетіне, мәдени өміріне аса көп үлес қосқан ұлы тұлғалар тізбегінің жалғасы болған поэзия падишасы атанған, өз заманының дарынды білімді тұлғасы, өлеңдері мен шығармалары арқылы өз